

Ресми рецензент, PhD доктор, қауымдастырылған профессор Байшукурова Гульнур Жолаушыбаевнаның «8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Наурызбайқызы Гүлдананың «Дискурстың ұлттық ерекшеліктері (қазақ, орыс, ағылшын тілі материалдары негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/с №	Критерийлер	Критерийлерге сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту керек)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Наурызбайқызы Гүлдананың «Дискурстың ұлттық ерекшеліктері (қазақ, орыс, ағылшын тілі материалдары негізінде)» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы №914 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына», сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсанындағы Қазақстан республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы міндеттерге сәйкес келеді. Сонымен қатар, диссертациялық зерттеу «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасының (2021 ж. 12 қазан, №724) басым бағыттарымен ұштасып, тарихи-мәдени мұраны сақтау, тілдің әлеуетін арттыру, ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсаттарына сай келеді. Жұмыс дискурстың ұлттық ерекшеліктерін қарастыра отырып, ұлттық бірегейлікті нығайтуға, мәдениетаралық коммуникацияны дамытуға үлес қосады. Осы тұрғыдан алғанда, диссертация тақырыбы еліміздегі мемлекеттік бағдарламалар мен ғылымның даму бағыттарына толықтай сәйкес келеді.
		1) <u>Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</u>	Диссертация жұмысы «Қазақ тілін және технологиялық прогресті қолдау үшін үлкен тілдік модельді (LLM) құру» атты гранттық жоба (ИРН BR24993001) аясындағы ғылыми зерттеулердің бір бөлігі ретінде орындалған. Жобаның негізгі

		2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	мақсаты – қазақ тілін заманауи технологиялық ортада дамыту, оның сандық ресурстарын кеңейту және тілдік деректерді жасанды интеллект жүйелеріне енгізу болып табылады. Бұл жоба тек тілдік модельдерді техникалық тұрғыдан жетілдіруді ғана емес, сонымен қатар ұлттық мәдениет пен дүниетанымның өзіндік ерекшеліктерін ескеруді де көздейді. Осы мақсаттармен үндес түрде диссертациялық зерттеу аясында қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі отбасы дискурсы талданып, ұлттық ерекшеліктер айқындалып сипатталды. Зерттеу нәтижелері ұлттық психологияның тілдік көрінісін ашуға мүмкіндік береді және көптілді тілдік модельдерді құру барысында мәдени-когнитивтік ақпаратты толықтыруға негіз бола алады. Алынған деректер қазақ тілін цифрлық қолдау жүйелерінде қолданылатын модельдердің сапасын арттыруға ықпал етеді, ал ұлттық ерекшеліктерді сипаттау олардың мазмұндық байлығын тереңдетеді. Зерттеу тақырыбы мемлекеттік маңызы бар ғылыми бағыттарға сай таңдалған және 8D02304 – Филология білім беру бағдарламасы бойынша кадрлар даярлау бағдарламасына толық сәйкес келеді. Диссертацияда қарастырылған мәселелер еліміздің зияткерлік әлеуетін арттыруға, тіл мен мәдениет сабақтастығын ғылыми тұрғыда түсіндіруге бағытталған.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс ғылымның дамуына елеулі үлес қосады. Зерттеу жұмысы дискурсология, лингвомәдениеттану, этнолингвистика, прагматика сияқты бағыттарға елеулі үлесін қосады. Жұмыста дискурс теориясы, мәтін лингвистикасы, дискурстық зерттеулердің құрылымдық, әлеуметтік-лингвистикалық, когнитивтік және коммуникативтік-прагматикалық аспектілеріне арналған негізгі теориялық-әдіснамалық еңбектер қарастырылып, зерттеу нысаны мен әдістері нақты анықталған.

		Диссертант Г. Наурызбайқызы өз зерттеуі барысында әртүрлі лингвомәдени топ өкілдері ретінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерін пайдалана отырып, дискурстың ұлттық ерекшеліктері талдап, аталған жұмыстың ғылымға маңыздылығын толық ашқан. Диссертациялық жұмыста дискурстың ұлттық ерекшеліктері қазақ, орыс және ағылшын отбасы дискурстарын алғаш рет салғастыра талдау арқылы айқындалды. Зерттеу барысында дискурстың ұлттық ерекшеліктерін зерделеудің теориялық және әдіснамалық негіздері жүйеленді; «дискурс» терминінің ғылыми айналымдағы анықтамалары әртүрлі ғылыми бағыттар мен тәсілдерге сүйене отырып талданып, салыстырылып, топтастырылды (35-б.). Диссертацияда «ұлттық ерекшелік» және «ұлттық бірегейлік» ұғымдары дискурсқа қатысты қарастырылып, оларға нақты анықтамалар ұсынылды (36-40 бб.). Сонымен қатар ұлттық ерекшелік ұғымының когнитивтік, лингвомәдени және дискурстық аспектілері өзара сабақтастықта қарастырылып, отандық және шетелдік ғалымдар еңбектеріндегі тұжырымдарға сүйене отырып, қазақ, орыс және ағылшын тілдік деректері негізінде дәйектелді (43-45 бб.). Зерттеу аясында «отбасы дискурсы» ұғымына анықтама беріліп, ол институционалды дискурстың бір түрі ретінде сипатталды (59-б.). Қазақ тіліндегі (О. Бөкейдің «Атау кере»), орыс тіліндегі (Л. Н. Толстойдың «Детство. Отрочество. Юность»), және ағылшын тіліндегі (Т. Гардидің «Tess of the d'Urbervilles») көркем мәтіндер негізінде үш тілдің отбасы дискурсына тән концептілік аясы салыстырмалы түрде талданып, жүйеленді, кесте түрінде ұсынылды (85-86 бб.), олардың ортақ және айырым белгілері тұжырымдалды. Отбасы дискурсы этномәдени құндылықтар мен ұлттық дүниетаным көрініс табатын ерекше коммуникативтік кеңістік ретінде қарастырылды. Осы бағытта таңдалған көркем мәтіндерге прагмалингвистикалық талдау жасалып, сөйлеу актілері (бұйыру, мәлімдеу, сұрақ қою, кінәлау және т.б.) мен олардың функциялары, сондай-ақ
--	--	---

			пресуппозициялар мен импликауралар (айтылмаса да түсінілетін мәдени және эмоциялық мәндер) анықталып, үш мәдениеттегі дискурстың ортақ және айырым белгілері белгіленді (87-100 бб.). Диссертациялық жұмыста отбасы дискурсындағы ұлттық психологияның тілдік репрезентациясы алғаш рет қазақ, орыс және ағылшын тілдері материалдары негізінде зерттелді. Салыстырмалы талдау нәтижесінде отбасы дискурсындағы фразеологизмдер, мақал-мәтелдер мен грамматикалық формалар арқылы ұлттық психологияның тілдік көрініс беру тәсілдері анықталып, кестеге түсірілді (106-109 бб., 114-117 бб., 121-124 бб.). Зерттеу жұмысында «Отбасы» концептісінің қазақ, орыс және ағылшын тілді респонденттердің (барлығы – 300) санасында ассоциациялану ерекшеліктері еркін, бағытталған және тізбектелген ассоциативтік эксперименттер арқылы зерттеліп, нәтижелері талданды (128-141 бб.). Диссертацияның ғылыми жаңалығының тағы бір қыры – алғаш рет қазақ, орыс және ағылшын отбасы дискурстарының ұлттық ерекшеліктерін анықтау мақсатында ауызекі сұхбаттар жүргізілді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u>; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертанттың өзі жазу деңгейі жоғары. Автор академиялық жазу қағидаттарын толық меңгерген, ғылыми тілін дұрыс қолданады және өзіндік сыни пікірін білдіре алады. Мәтіндік деректерді талдауда қолданылған әдіс-тәсілдер дұрыс таңдалған, ғылыми тұжырымдар нақты және жүйелі. Диссертанттың жеке пайымдаулары мен қорытындылары зерттеудің мазмұнын байытып, дискурстың қазақ, орыс және ағылшын тіліндегі ұлттық ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік берген. Зерттеу жұмысы толық аяқталған және ғылыми тұрғыдан мәнді болып табылады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u>; 2) жартылай негізделген;	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығымен негізделген (6-7 бб.). Қазақ, орыс, ағылшын тіліндегі материалдарды салғастырмалы талдау арқылы әр тілдің мәдени ерекшеліктері, дүниетанымдық құндылықтары мен

		3) негізделмеген.	коммуникативтік стратегиялары айқындалады. Зерттеу дереккөздеріндегі лексикалық, прагматикалық ерекшеліктерді, сондай-ақ олардың лингвомәдени мәнмәтіндегі функцияларын кешенді талдауға бағытталған. Ұсынылып отырған ғылыми жұмыс дискурстың когнитивтік және мәдени құрамдас бөліктерін зерттеуге мүмкіндік береді, зерттеу кезеңдері нақты анықталған. Диссертацияда «ұлттық ерекшелік», «ұлттық бірегейлік» ұғымдары дискурсқа қатысты қарастырылып, зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері толықтай көрсетілген. Қазақ, орыс, ағылшын көркем мәтіндері талданып, олардың ортақ және ерекшеленетін белгілері айқындалған. Бұл ерекшеліктер жұмысқа ғылыми-теориялық, әдіснамалық тұрғыдан толық негіз береді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды және қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдар зерттеу жұмысының мазмұнына сай жүзеге асырылған (11-12 бб.). Зерттеу жұмысында көзделген мақсат-міндеттерге байланысты материалдар бірнеше тарауға бөлініп берілген. Бірінші тарауда дискурс ұғымы, оның ғылымда анықталуы, ұлттық ерекшелік, ұлттық бірегейлік ұғымдары теориялық және әдіснамалық тұрғыдан қарастырылған. Екінші тарауда қазақ, орыс және ағылшын көркем мәтіндеріндегі отбасы дискурсының ұлттық ерекшеліктері талданып, отбасы дискурсының концептілік аясы, қарым-қатынастың прагматикалық аспектілері мен ұлттық психологияның тілдік репрезентациясы ұсынылған. Үшінші тарауда қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі отбасы дискурсына қатысты эмпирикалық зерттеу нәтижелері берілген. Бұл тарауда «отбасы» концептісінің респондент санасындағы ассоциативтік ерекшеліктері мен ауызша сұхбат материалдары негізіндегі дискурстың ұлттық сипаттары қарастырылған. Диссертация мазмұны

			тақырыптың атауын толық аша алады және зерттеу мақсатын айқын көрсетеді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына толық сәйкес келеді, жұмыста нақты тұжырымдалған және іздену барысында диссертант қойылған мақсат-міндеттерге қол жеткізген. Зерттеудің мақсаты – қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі отбасы дискурсын талдау негізінде дискурстың ұлттық ерекшеліктерін анықтау, сипаттау. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттер қойылған: 1) дискурстың ұлттық ерекшеліктерін зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтау; 2) ұлттық ерекшеліктің тілдегі және дискурстағы көрінісін теориялық тұрғыда жүйелеу; 3) қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі отбасы дискурсын көркем мәтіндер негізінде салғастыра талдау арқылы отбасы дискурсының ұлттық ерекшеліктерін анықтау үшін дискурстық және прагматикалық талдау жасау; 4) отбасы дискурсы арқылы ұлттық психологияның тілдік репрезентациясын зерделеу; 5) эмпирикалық зерттеу арқылы отбасы ішіндегі тілдік қарым-қатынас ерекшеліктерін айқындау (7-б.). Диссертант қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі отбасы дискурсын талдау негізінде ұлттық ерекшеліктерді анықтаған. Зерттеудің міндеттері айқын, нақты тұжырымдалып, олардың жүзеге асырылуы диссертацияда толық көрсетілген.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толықтай өзара байланысқан</u>; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның бөлімдері бір-бірімен логикалық түрде тығыз байланысты. Жұмыс кіріспеден, үш негізгі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Әр бөлімнің соңында берілген қорытындылар зерттеу нәтижелерінің ішкі үйлесімділігін көрсетеді және тақырып мазмұнымен толық сәйкес келеді.

			Барлық бөлімдер бір-бірін толықтырып, диссертацияның жалпы логикасын сақтайды.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Диссертанттың өзіндік пікірін білдіретін сыни талдау бар. Г. Наурызбайқызы ұсынып отырған жаңа шешімдер, қағидаттар мен әдіс тәсілдер диссертациялық жұмыста дәлелденіп, дискурсология, лингвомәдениеттану турасында айтылған өзге ғалымдардың пікірлері сыни тұрғыдан салыстырылып бағаланған. Мәселен, Г. Наурызбайқызы ғалым М. Стаббстың «дискурс – сөйлемнен үлкен тіл бірілігі» деген пікіріне «сөйлемнен үлкен бірлік деп мәтінді танымыз» деп уәж айтады (19-б.).
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертанттың зерттеу жұмысында алынған ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар дискурстың ұлттық ерекшеліктерін зерттеудің жаңа қырларын айқындайды және толығымен жаңа. Scopus ғылыми деректер базасына кіретін журналдарда 2 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 2 мақала және халықаралық конференция жинағында 2 мақаланың жариялануымен расталады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеу жұмысы бойынша алынған қорытындылар толығымен жаңа болып табылады. Дискурсты зерттеу бағыттарының тәсілдер мен ұстанымдары толығымен талданып, тұжырымдалған (35-б.) «Ұлттық бірегейлік» және «ұлттық ерекшелік» ұғымдары ғылыми әдебиеттерде сараланып, «ұлттық ерекшелік» ұғымы түрлі бағыттарда зерделенген (37-42 бб.). Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі отбасы дискурсын талдау негізінде дискурстың ұлттық ерекшеліктерін анықтау мақсатында көркем мәтіндердегі отбасы дискурсына келесі аспектілер бойынша талданып, жүйеленген: отбасы дискурсының концептілік аясы (61-86 бб.), прагматикалық ерекшеліктері (87-100 бб.),

			отбасы дискурсына қатысты ұлттық психологияның тілдік репрезентациясы (101-124 бб.). Эмпирикалық зерттеу нәтижелері көркем мәтіндегі талдауларды толықтырып, тіл мен ұлттық сана арасындағы байланысты нақтылайды. «Отбасы» концептісі үш тілдік ортада әртүрлі ассоциациялар туғызады (129, 131, 132 беттер). Жүргізілген сұхбат нәтижелері отбасы дискурсы арқылы ұлттық ерекшеліктердің концептуалдық сипатын ашуға негіз болды (141-152 бб.).
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін қолданылған техникалық, технологиялық және экономикалық шешімдер толықтай жаңа және негізделген. Зерттеу барысында дискурстың ұлттық ерекшеліктерін талдау үшін заманауи ақпараттық құралдар мен әдістер қолданылды. Зерттеу аясында «отбасы» концептісінің қазақ, орыс, ағылшын тілді респонденттер санасында ассоциациялану ерекшеліктерін анықтау мақсатында GoogleForms платформасында эксперимент жүргізілген (128-141 бб.). «Отбасы» концептісін естігендегі алғашқы ойыңызға келген ассоциацияны жазыңыз, «отбасы» концептісіне байланысты синоним сөздерден тұратын семантикалық топ құрыңыз, отбасы дискурсына байланысты сөз немесе сөз тіркесі, мақал-мәтел жазыңыз деген секілді сауалнамаларды талдау өз нәтижесін берген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Наурызбайқызы Гүлдананың диссертациясында алынған әрбір нәтиже нақты ғылыми тұжырымдарға негізделген. Зерттеу барысында барлық маңызды қорытындылар мен тұжырымдар нақты деректерді талдау, дискурс пен тіл білімі ғылымында орныққан теорияларға сүйену арқылы дәлелденген. Сондай-ақ, тақырыпқа қатысты бұрынғы зерттеулер мен ғалымдардың пікірлері сыни тұрғыдан сарапталған, бұл қорытындылардың шынайылық дәрежесін арттырады. Диссертация терең және сапалы зерттеу нәтижелерін ұсынады: автор теориялық материалдарды

			толық қарастырып, өзіндік сыни көзқарасын білдіріп, практикалық материалдарды мақсатқа сай және тиімді пайдаланған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u>; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u>; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u>; 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u>; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	Диссертацияда ұсынылған әрбір ереже толық дәлелденген. Қорғауға шығарылған негізгі ережелер: 1-тұжырымда диссертант дискурсты тіл мен мәдениеттің тоғысқан күрделі құрылымы ғана емес, сонымен қатар ұлттық мәдениеттің ішкі құндылықтары, дүниетанымдық модельдері мен қарым-қатынас нормалары динамикалық түрде бейнеленетін ерекше коммуникативтік кеңістік ретінде қарастырады. Қазақ, орыс және ағылшын отбасы дискурстарына жүргізілген салғастырмалы талдау ұлттық мәдени модельдердің дискурстық деңгейде әртүрлі тілдік құралдар арқылы жүзеге асатынын айқындады. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Дәлелденген. 2-тұжырымында дискурстағы ұлттық ерекшеліктің көпқырлы сипатын көрсетті: ол тек тілдік таңбалармен шектелмей, прагматикалық категориялар (пресуппозиция, импликатура, сөйлеу актілері), сондай-ақ қарым-қатынас мәдениетінің нормалары арқылы да қалыптасатыны дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Дәлелденген. 3-тұжырымында қазақ, орыс және ағылшын көркем мәтіндеріндегі отбасы дискурсы ұлттық-мәдени және дүниетанымдық ерекшеліктерді бейнелейтіні дәлелденген. Әр тілдегі отбасы дискурсының концептілік аясы мазмұндық компоненттері тұрғысынан әртүрлі болғанымен, олардың тоғысар нүктесі – жалпыадамзаттық құндылықтар (құрмет, борыш) болып табылады. Алайда әр ұлттың мәдени, тілдік және тарихи ерекшеліктері бұл дискурстың құрылымы мен мазмұнын айқындайтыны да зерттеу нәтижесінде дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Дәлелденген.

			4-тұжырымда ұлттық психология көркем мәтіндегі лексикалық бірліктер (эмоционалды тіркестер, метафоралық құрылымдар, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер) мен грамматикалық амалдар (одағай сөздер, модальділік, бұйрық рай, есімдіктер, етістіктің шақтары) жиынтығы арқылы дискурстық стратегиялардан көрінетіні дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Дәлелденген. 5-тұжырымда эмпирикалық зерттеу нәтижелері көркем мәтіндегі байқауларды толықтыра отырып, тіл мен ұлттық сананың өзара байланысының объективті түрде бар екенін дәлелденген. Бұл деректер ұлттық дүниетанымның тіл арқылы көрініс табатынын көрсетеді. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Дәлелденген. 6-тұжырымда Ауызша сұхбаттар негізінде алынған мәліметтер ұлттық ерекшеліктердің концептуалдық көрінісін айқындауға мүмкіндік бергені және олардың дискурстық деңгейде көрініс табатынын дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Дәлелденген.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) иә; 2) жоқ 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен	Диссертациялық жұмыстың әдіснамасын таңдау сапалы негізделген. Зерттеу жұмысының әдістемесі тақырып пен жұмыстың мақсат-міндеттеріне сай таңдалған: дискурстық талдау, салыстырмалы-салғастырмалы әдіс, лингвомәдени талдау, прагматлингвистикалық талдау, эксперимент әдісі. Зерттеу қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі отбасы дискурсын талдау негізінде дискурстың ұлттық ерекшеліктерін анықтауға бағытталған. Теориялық және әдістемелік негіз ретінде когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану, мәтін лингвистикасы, дискурсология саласындағы зерттеушілердің еңбектері қолданылған. Әдістеме нақты таңдалған, зерттеу кезеңдері, талдау тәсілдері және салыстырмалы-салғастырмалы аспектілер айқын көрсетілген. Зерттеу барысында компьютерлік құралдар мен қазіргі заманғы әдістемелер тиімді пайдаланылды. «Отбасы» концептісінің қазақ, орыс, ағылшын тілді респонденттер

		деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u>	санасында ассоциациялануын анықтауға анықтау үшін GoogleForms платформасында ассоциативті эксперимент жүргізілді (128-б.). Отбасы дискурсындағы қарым-қатынастың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін саралауға арналған ауызекі сұхбат жүргізілді (141-б.). Алынған деректердің өңделуі мен талдауы заманауи технологиялық тәсілдер арқылы іске асырылған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u>	Диссертанттың теориялық қорытындылары, ұсынылған модельдері және дискурстың ұлттық ерекшеліктері ғылыми зерттеулер мен эмпирикалық зерттеу нәтижелері арқылы нақты расталды. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жүргізілген ассоциативті эксперимент дискурстық құрылымдар мен тілдік бірліктердің ортақ және ерекшеленетін белгілерін айқындауға мүмкіндік берді (140-б.). Ортақ белгілер отбасы дискурсының мәдени және когнитивтік аспектілерін көрсетсе, ерекшеленетін белгілер әр мәдениеттің тілдік дәстүрі, өмір салты, мәдениеті мен құндылықтарымен түсіндірілді. Эксперимент нәтижелері диссертанттың зерттеу модельдерін толық негіздеді. Ауызша сұхбат негізінде алынған деректер ұлттық ерекшеліктердің концептуалдық көрінісін айқындады (152-б.).
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге <u>сілтемелермен расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациялық жұмыстағы негізгі мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер арқылы расталған. Зерттеу барысында әлемдік және отандық ғылыми әдебиеттер кеңінен қарастырылып, олардың теориялық негіздері талданған. Сонымен қатар, алынған материалдардың дұрыстығы мен сенімділігі нақты сілтемелермен қамтамасыз етілген, бұл зерттеудің ғылыми негізділігін күшейтеді. Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдіснамалық негізі ретінде мынадай еңбектерге сүйенген: дискурс теориясы (Б. Қалиұлы, Н. Уәли, З.Ш. Ерназарова, Д. Әлкебаева, Ж.М. Кеншінбаева, Г.Г. Бүркітбаева, К.К. Садирова, А.Е. Саденова, Т.Е. Пшенина, Р.А. Омарова, Ф.Б. Кожаметова, Н.И. Сегізбаева, Б.Г. Карилова, Л.М. Абишева, Б.А. Ахатова,

		Д.В. Сизов, А.М. Жумагулова, А.Б. Гуманова, Г.А. Мұратова, Б.Г. Досмаганбетов, Ф.З. Дулаева, Б.С. Жумагулова, Н.А. Шахметова, Ш.А. Нұрмышева, Ж.У. Есинбаева, Ж.Қ. Кішкенбаева, А.М. Жалалова, Д.М. Акимжанова, К.З. Елшібаева, Н.Қ. Құлтанбаева, Ш.Г. Абдирова, Н.С. Искакова, Р.Қ. Қойлыбаева, Ө. Шетиева т.б.), мәтін лингвистикасы (Т.М. Николаева, И.Р. Гальперин, Р. Сыздық, Б. Шалабай, А. Жұбанов, Х.М. Нұрмұханов, Ғ.Қ. Өнес, М.К. Ахметова, А.Б. Әмірбекова, Г.М. Әзімжанова, Ж. Қойшығұлова, Г.Ж. Байшукурова, Г.А. Кульгильдинова, Е.А. Твердохлебова, Г.К. Кушкарлова, Г.Х. Рамазанова, Л.В. Черепанова, В.В. Савельева, Ж.М. Оспанова, Қ.Ө. Есенова, А.С. Әділова, А.О. Тымболова, Ш.М. Елемесова, Ж.С. Канлыбаева, А.Қ. Айтбенбетова, М.Ә. Маретбаева, Г.Т. Абикенова, Б.А. Абдыханова, А. Ақкөзова, Ж.К. Алшинбаева, Г.А. Әбдімәулен т.б.), дискурстық зерттеулердің әдіснамасы мынадай төрт бағыты: құрылымдық бағыт (А. Греймас, Ж. Курте), әлеуметтік-лингвистикалық бағыт (М. Фуко, З. Харрис, Р. Водак, Ю. Линк, П. Хартман), когнитивтік бағыт (Т. ван Дейк, А. Вежбицкая, Е.С. Кубрякова, Д.С. Лихачев, Ө. Қайдар, Е. Жанпейісов, Ж. Манкеева, Н. Уәли, А. Ислам, М.С. Жолшаева), коммуникативтік-прагматикалық бағыт (Д. Шиффрин, З. Харрис, Дж. Остин, Дж. Сёрль, Г. Грайс)
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Диссертациялық жұмыстағы негізгі мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып берілген. Зерттеуге дейінгі әлемдік және отандық дереккөздер қарастырылып, материалдар теориялық тұрғыдан талданған. Барлық алынған мәліметтер мен тұжырымдардың ғылыми негізділігі сілтемелер арқылы расталған. Пайдаланылған әдебиеттер саны – 153.

9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>иә</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Диссертацияның теориялық маңыздылығы жоғары деп бағаланады. Зерттеу нәтижелері мен тұжырымдары когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, этнолингвистика, елтану бағыттарымен қатар салғастырмалы тіл білімінің теориялық негіздерін толықтырады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>иә</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Диссертацияның практикалық маңызы жоғары. Зерттеу барысында талданған тілдік материалдарды қазақ, орыс, ағылшын тілдері бойынша оқулықтар, сөздіктер, анықтамалықтар жазуда пайдаланудың практикалық маңызы зор.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Зерттеудің негізгі жаңалығы – дискурстың ұлттық ерекшеліктері қазақ, орыс, ағылшын отбасы дискурсын алғаш рет салғастыра талдау арқылы ұсынылуы.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыстың академиялық деңгейі жоғары. Жұмыста қолданылған негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі анық және дәйекті берілген. Мәтіннің құрылымы логикалық, бөлімдер арасындағы байланыс сақталған, сілтемелер мен әдебиет қолданылуы дұрыс. Құрылым мен мазмұн ғылыми стиль талаптарына сәйкес жасалған, зерттеу толық аяқталған және академиялық жазу нормаларын толық ұстанған.
11	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияға ескертулер мен ұсыныстар: 1. Қазақ, орыс, ағылшын көркем мәтіндеріндегі кейбір лексикалық бірліктерге қосымша түсіндірме немесе мысалдар келтіру ұсынылады. Айтылған ескертпелерді ұсыныс ретінде қабылдауға болады және диссертацияның мазмұнына нұқсан келтірмейді.
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация		Докторанттың жарияланымдары зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді. Мақалалар отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда жарық көрген, мазмұны ғылыми тұрғыдан негізделген және диссертация тақырыбын терең ашады. Докторанттың диссертация тақырыбы бойынша 6 жарияланым бар. Оның ішінде Scopus ғылыми деректер

мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		базасына кіретін журналдарда жарияланған 2 мақала: National Features of Family Discourse: A Comparison of Kazakh, Russian, and English Languages // International Journal of Society, Culture & Language (IJSCL)/No.1/2023 (Vol. 11, Issue 1, March 2023) – Pages 61-75. Процентиль 89%, Q1 // ISSN:2329-2210 https://doi.org/10.22034/ijsc.2022.563424.2793; National Features of Discourse: A Systematic Review // World Journal of English language // Процентиль 66%, Q2, https://doi.org/10.5430/wjel.v16n2p44; Бұл жарияланымдар диссертацияның әрі теориялық, әрі практикалық негізін құрайтын бөліммен сай келеді. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда 2 мақала жарияланған: Дискурстың ұлттық ерекшеліктері // «Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӨТУ Хабаршысы» “Филология ғылымдары” сериясы, №2 (69) 2023, Б. 141-158. https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.69.2.010; Национальные особенности политического дискурса // «Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӨТУ Хабаршысы» “Филология ғылымдары” сериясы, №3 (74) 2024, Б. 172-188. https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.3.74.010; Сонымен қатар халықаралық конференциялар жинақтарында 2 жарияланым бар: Ұлттық дискурс түсінігі // «ЖАСТАР, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ» атты жастардың XVIII Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының МАТЕРИАЛДАРЫ. Ақтөбе. – 2022. –680-682 б; Discourse as reflection of national character // Материалы XII Международной научной конференции (г. Уфа, 25 апреля 2024 г.) / отв. ред. А.Р. Мухтаруллина. – Уфа: РИЦ УУНиТ, 2024.– С.15-24 // ISBN 978-5-7477-5917-6
---	--	---

13	Ресми рецензенттің шешімі (осы үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Қорыта айтқанда, жоғарыда келтірілгендерді ескере отырып, философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған Наурызбайқызы Гүлдананың «Дискурстың ұлттық ерекшеліктері (қазақ, орыс, ағылшын тілі материалдары негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын ғылыми жаңалығы мол, теориялық және практикалық маңызы бар, «Дәрежелер беру қағидалары» талаптарына сәйкес орындалған, академиялық сауаттылығы жоғары және толық аяқталған жұмыс деп бағалаймын. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Наурызбайқызы Гүлданаға «8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру туралы ұсыныс білдіремін.
----	---	--	--

Ресми рецензент,
«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»,
филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор



Байшукурова Гульнур Жолаушыбаевна

10.10.2025 жыл